



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 42 (841) 17 қазан 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ЖҰМЫС САПАРЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ АУДАНДАҒЫ ІСТЕРГЕ ОҢ БАҒА БЕРДІ

Бәйтерек ауылында орналасқан «НұрСен Агро» серіктестігі мал шаруашылығымен, оның ішінде асыл тұқымды симменталь сиырларын өсірумен айналысады. Қазір шаруашылықта 600-ден астам ірі қара бар. Бүгінде 250 басқа арналған екінші тауарлы-сүт фермасы салынып жатыр. Ғауез Торсанұлы құрылыс материалдарымен уақытылы қамтамасыз етіп, сапа жайын басты назарда ұстауды талсырды. Республикадағы әрбір үшінші сүт кешені біздің өңірде тұрғызылып жатқанын атап өтті. Содан кейін облыс басшысы осында бой көтеріп жатқан медициналық пункттің жағдайымен де танысты.

Аудан орталығындағы кәсіптік даярлау және сервистік қызмет көрсету колледжі 2012 жылдан бері жарты мыңнан астам маманды қанаттандырған. Бүгінде механизатор, дәнекерлеуші және аспаз мамандықтары бойынша білім алатын 108 студентті оқытуда. Олар 54-82 мың теңге аралығында шәкіртақы алады. Бір «өтпегенайы» – спорт залының жоқтығы. Сондықтан бос уақытта спортпен айналысатын ғимарат тұрғызылса деген өтініштері назарға алынды.

Облыс әкімі «Агример» ЖШС-ның элеваторында жергілікті тауар өндірушілермен кездесті. Онда жаңа астықты сапалы сақтау, тиімді бағаға сату, келер жылғы көктемгі дала жұмыстарына әзірлік, жылыту маусымын талапқа сай өткізу мәселелері талқыланды. Ауданда әлеуметтік нысандар салу, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру бойынша аудан әкімі Рахат Смағұловтың есебі тыңдалды. Аудан бюджетінің шығысы 8 млрд. теңгені құрап отыр. Жергілікті кірістер есебінен 3,5 млрд. теңге салық жиналмақ. Алты елді мекенге асфальт төселсе, үш ауылға кіреберіс жол тартылған. Үш медпункт пен екі ФАП-тың құрылысы қолға алынған. Кезекте тұрғандарға 45 пәтерлік үй тұрғызылып, сүмен жабдықтау нысандары жөндеуде.

Бұдан кейін өңір басшысы Қазақстан Конституциясы күні қарсаңында «Оптовик» жеке кәсіпкерлігі пайдалануға берген супермаркетке болды. Жеке кәсіпкер Дәурен Қайшыбеков қазір 40 адамның тұрақты жұмыспен қамтылғанын айтты.

Батыр Баян атындағы мектепгимназияның материалдық-техникалық базасы 250 млн. теңгеге жаңартылды. Ұстаздар қауымы білім ошақтары жанынан құрылған даярлық топтарына бөлінген бөлмелердің тарлық ететінін, жеке балабақша болса, сұраныс өтелер еді деген тілектерін жеткізді. Өйткені, 5 жасқа дейін 496 бүлдіршік болса, 315-і балабақшамен, 181-і мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған. Шағын орталықтар санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келе бермейді. Кездесуде облыс әкімі өңірдегі бірқатар түйткілді мәселенің түйінін тарқатуға «Қазақстан халқына» қоры тара-



Өткен аптада облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Мағжан Жұмабаев ауданына жұмыс сапарымен келіп, бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады. Соның нәтижесінде шешімін табуы тиіс бірқатар проблемаларға байланысты аудан басшылығына нақты тапсырмалар берді.

пынан қолдау көрсетіліп отырғанын жеткізді. - «Қазақстан халқына» қоры елімізде үлкен жобаларды жүзеге асырып келеді. Көктемгі су тасқыны кезінде өңірімізге 2,7 млрд. теңге мөлшерінде қаражат бөлінді. Оған алғашқы 100 баспана салынды, – деді Ғауез Нұрмұхамбетов.

Өңір басшысы «Булаев су» мекемесіне барып, су торабы жүйелерінің құрылысын бақылады. Мұнда екі су резервуары салынуда. Бұл жұмыстарға 550 млн. теңге қарастырылған. Осылайша жаз маусымында тіршілік көзіне деген қажеттілік шешілуі тиіс. 16 елді мекенге таза ауызсу желісі тартылған. Бұл ауылдарда 2500 адам тұрады. 47 шақырым су тарту жүйесі

ауыстырылған.

Полтавка елді мекені тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуды басты мақсат еткен «Алтын Астық – 2050» ЖШС астық қырманын жаңартыпты. Ауылдағы медициналық пункт те тұрғындар үшін қызмет көрсетіп келеді. Ауылшілік жолдарды қалпына келтірумен «Магистраль СК» ЖШС айналысып, барлық жөндеу жұмыстарын аяқтаған.

Ғауез Торсанұлы жұмыс сапары барысында Булаев қаласындағы Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте, аудандық емханада және пайдалануға берілген 3-қабатты 45-пәтерлі тұрғын үйде болды.

Содан соң, «Таза Қазақстан» акциясы

аясында Қарақоға ауылында ардагерлермен және жастармен бірге ағаш отырғызды. Сондай-ақ облыс әкімі күрделі жөндеуден өткен Мәдениет үйінде мағжандықтармен кездесіп, Қарақоға ауылында су құбыры алаңын қайта құру, жедел жәрдем көлігін жаңарту, «Халық банк» банкоматын орнату, көшелерді жөндеу мен Октябрское ауылында бос уақытын өткізу орталығын салу, аймақты газдандыру сияқты халықтың толғандырып мәселелерін шешу жолдарын талқылады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

«ХАЛЫҚ ҮЙІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»

АУДАНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ КҮНІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

16 қазан күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үйіне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде аудандық Мәдениет үйінде азаматтарды қабылдаудың бірыңғай күні ұйымдастырылды.

Атамыш параға аудан әкімі Рахат Смағұлов, оның орынбасарлары, аудан прокуроры мен полиция бөлімінің бастығы, мәслихат төрағасы, Булаев қаласының әкімі мен жергілікті атқарушы органдардың басшылары қатысты.

Қабылдау барысында 18 жүйіні, мағжандықтар тұрғын үймен қамтамасыз ету, елді мекендердегі жолдарды күтін ұстау мен жөндеу, балалар ойнау алаңы мен жасанды жабдығы бар шағын футбол алаңын

сау, ауыз судың сапасын жақсарту, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау, көшелерді жарықтандыру және басқа да мәселелер толғандырылды.

Аудан әкімі бастаған басшылар азаматтарды жеке-жеке қабылдап, көтерген сұрақтарды шешу жолдарын пысықтап, жауаптар ұсынды. Қабылдауды ұйымдастырушылар барлық мәселелер аудан әкімдігінің бақылауына алынып, оларды шешу бойынша тиісті жұмыстар атқарылатынын жеткізді.



МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

2024 жылғы 11 қазанда аудандық сайлау комиссиясының отырысы өткізілді, онда келесі мәселелер қаралды:

1. Мағжан Жұмбаев аудандық мәслихатының №11 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша шығып кеткен депутаттың орнына 2024 жылғы 8 желтоқсанға сайлау тағайындау туралы;

2. 2024 жылғы 11 қазаннан бастап 8 қарашаны қоса кандидаттарды ұсыну мерзімін, 2024 жылғы 13 қарашадан бастап кандидаттарды тіркеу мерзімін белгілеу туралы;

3. Мағжан Жұмбаев аудандық мәслихатының №11 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша шығып кеткен депутаттың орнына 2024 жылғы 8 желтоқсанға тағайындалған сайлауға дайындық және өткізу бойынша негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

туралы; (Мына мекен-жайда орналастырылаанhttps://www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh/activities/62824?lang=ru&parentId=62453).

Отырыста басқа да сұрақтар қаралды. Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша сәйкес қаулылар қабылданды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101 бабы 3-1, 6 тармақтарына сәйкес Мағжан Жұмбаев ауданының аумақтық сайлау комиссиясы 2024 жылғы 8 желтоқсанға Мағжан Жұмбаев аудандық мәслихатының №11 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша шығып кеткен депутаттың орнына сайлау тағайындады.

Мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну 2024 жылғы 11 қазанда басталады.

Округ орталығы: Бәйтерек ауылы, Молодежная көшесі 16, орта мектеп ғимараты, тел: 8 (71531) 27-6-88.

Округ шекарасы: № 236 (Полудино а.), № 238 (Ганькино а., Ганькино станциясы), № 252 (Бәйтерек а., Рязино а.), № 253 (Береке а.), № 254 (Новотроицкое а.).

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 102 бабына сәйкес мәслихат депутаты болып сайлану үшін азамат конституцияның 86 бабы 3 тармағының талаптарына сәйкес, сонымен қатар Конституцияның 33 бабы 2-3 тармақтарына және осы Конституциялық заңға сәйкес сайлау құқығы болуы тиіс.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Булаев қаласы, 2024 жылғы 11 қазан, № 105/1

№ 11 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14 бабының 2-3) тармақшасына, 1 тармағының 4) тармақшасына, 101 бабының 3-1 және 6 тармақтарына сәйкес және «Мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды бір мезгілде өткізу күнін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 6 қыркүйектегі № 39/47 қаулысы негізінде Мағжан Жұмбаев ауданының сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. № 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмбаев ауданының шығып қалған мәслихат депутатының орнына сайлау 2024 жылғы 8 желтоқсанға тағайындалсын.

2. Кандидаттарды ұсыну мерзімі 2024

жылғы 11 қазаннан 8 қарашаға дейін, кандидаттарды тіркеу мерзімі 2024 жылғы 13 қарашаға дейін белгіленсін.

3. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2024 жылғы 8 желтоқсанға тағайындалған, № 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмбаев ауданы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

4. Осы қаулы «Вести» және «Мағжан жұлдызы» аудандық газеттерінде және Мағжан Жұмбаев аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Ю. ПОРТНЯГИН,
аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес Мағжан Жұмбаев аудандық сайлау комиссиясы аудандық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы хабарлайды:

№ р/н	Аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері	Телефондары, факстары	Аудандық сайлау комиссиясының құрамы
1	150800, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ-нің коммуналдық меншігіндегі әкімшілік ғимараты	Коды: 8-715-31; тел./факс: 2-12-33,	Төрағасы - Портнягин Юрий Анатольевич; Төраға орынбасары - Шайкенов Данияр Балғабайұлы; Хатшысы - Тұяқова Роза Рысбайқызы; Комиссия мүшелері - Ахметова Ұлмекен Шаймуранқызы, Бекішева Сандуғаш Оразалықызы, Махметова Кристина Владимировна, Ыбыраева Әлия Жақсылықызы

Ю.ПОРТНЯГИН,
аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

№ р/н	Сайлау округінің нөмірі	Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері	Телефон	Сайлау округінің шекарасының сипаттамасы (сайлау учаскесінің нөмірі)	Округтік сайлау комиссиясының құрамы
Мағжан Жұмбаев ауданы					
	11	Бәйтерек ауылы, Молодежная көшесі, 16 үй, «СҚО әкімдігінің білім басқармасы» КММ Мағжан Жұмбаев ауданының білім бөлімі» КММ «Фурмановка орта мектебі» КММ ғимараты	8(71531) 27688	236, 238, 252, 253, 254	Төраға - Тілеуов Бекболат Кәмілжанұлы; Төраға орынбасары - Жұмбаева Жанел Дауылбайқызы; Хатшы - Гриценко Валентина Александровна; Комиссия мүшелері - Декенова Жанар Ешкөңқызы, Жантасов Серік Бақытжанұлы.

УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ, ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, СОНДАЙ-АҚ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері	Сайлау учаскесі шекарасының сипаттамасы	Уаскелік сайлау комиссиясының құрамы (алфавиттік тәртіпте)
Мағжан Жұмбаев ауданы				
	№ 236	Полудин а., Ленин к., 59, мәдениет үйі ғимараты	Полудин а.	Төрайым – Икметова Таиба Кажтайқызы; төрайымның орынбасары – Ильешко Сергей Николаевич; комиссия хатшысы – Вобликова Евгения Юрьевна; комиссия мүшелері - Бугреева Ирина Александровна, Немуха Оксана Васильевна.
	№ 238	Ганькин а., 6 к., 6, орталау мектеп ғимараты	Ганькин а., Ганькино ст.	Төрайым – Қазиева Гүльнәр Жәдігерқызы; төрайымның орынбасары – Богданова Ирина Павловна, комиссия хатшысы – Долгушева Гүлжан Айдоққызы; комиссия мүшелері - Завалко Оксана Геннадьевна, Яковлева Анна Михайловна..
	№ 252	Бәйтерек а., Молодежная к., 16, орта мектеп ғимараты	Бәйтерек а., Рязино а.	Төраға – Родимов Валерий Николаевич; төрағаның орынбасары - Байманов Арғын Сәрсенбайұлы; комиссия хатшысы – Червонок Евгения Васильевна; комиссия мүшелері - Захарова Валентина Ивановна, Полова Наталья Николаевна.
	№ 253	Береке а., 1 к., 14, медициналық пункт ғимараты	Береке а.	Төрайым – Раскулова Галия Смоиловна; төрайымның орынбасары – Вейс Тамара Николаевна; комиссия хатшысы – Раскулова Мерuert Бауржанқызы; комиссия мүшелері - Байкуанышев Самат Беркінұлы, Тұңғатова Наталья Мұратқызы.
	№ 254	Новотроицкое а., Центральная к., 34, орталау мектеп ғимараты	Новотроицкое а.	Төраға – Бородихин Борис Дмитриевич; төрағаның орынбасары – Никитина Елена Александровна; комиссия хатшысы – Михель Татьяна Валерьевна; комиссия мүшелері - Мысько Людмила Борисовна, Савченко Ирина Викторовна.

РУХАНИ КЕЛІСІМ - БІРЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстан – дінаралық келісімді биік тұғыр ретінде ұстанып келе жатқан ел. Діни бірлестіктердің өзара ынтымақтастықта қарым-қатынасқа түсуіне мүмкіндік жасап отырған поликонфессиялы мемлекет ынтымақтастық идеясын ұстануда. Еліміздің рухани-мәдени саладағы саясатының негізгі басымдықтарының бірі – этносаралық және конфессияаралық келісім, соның негізіндегі мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы сындарлы диалогты дамыту болып табылады. Бұл диалог олардың өзара қарым-қатынастарының барлық тараптарын реттейтін заңнамалық-құқықтық негізде құрыла отырып, қоғамның тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді.

Қоғамдағы тұрақтылық мемлекет үшін ғана емес, діни бірлестіктер үшін де маңызды. Шынайы төзімділікке, толерантты мәдениетке бірлесіп ғана қол жеткізуге болады. Жан Жак Руссоның «Мемлекет үшін әр азаматтың өз міндеттерін жақсы көруге итермелейтін діни болуы маңызды» деп атап көткеніндей, діндардың Құдайға деген сүйіспеншілігінен басқа Отанға деген адалдығы, патриотизмі болуы керек.

Қазақстанда конфессияаралық келісімді нығайтуда еліміздің тарихи қалыптасуында, мәдениетінде басымдылыққа ие ханафилік ислам дінінің ханафи мазхабы мен христиандықтың православиелік тармағының өзара қарым-қатынасы маңызды рөлге ие екені даусыз. Олардың бейбіт қатар өмір сүруі әлеуметтік және рухани өмірдің тұрақтылығының кепілі болып табылады. Бұл өзара түсіністік сүйіспеншілік, мейірімділік, сенім, адамдар арасындағы бір-біріне құрмет, лайықты мінез-құлықты дәріптейтін ислам мен христиандықтың маңызды құндылықтарына негізделген. Қазақстан халқының тарихи мен мәдениетіндегі аталған дәстүрлі діндердің орнын ұлықтау мақсатында еліміздің мерекелік күндерінің ресми күнтізбесінде Құрбан айт және православиелік Рождествоның бекітілуі рухани келісімнің бірден бір айғағы деп түсіну керек.

Жалпы Қазақстан - әр түрлі діни ұстанымдағы адамдардың бір алаңда

1992 жылдан бастап 18 қазан - Қазақстанда Рухани келісім күні болып жарияланды. Бұл күні әрбір діни конфессияның өліміздегі рухани келісімді нығайтуға қосқан зор үлесі атап өтіледі.



бас қосып, адамзатқа ортақ мәселелерді шешуге мүмкіндіктері бар екенін көрсетті. Шынында да, біздің елде мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қатынастардың өзіндік моделі қалыптасты: серіктестік, өзара құрмет және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау қағидаттарына негізделген конфессияаралық келісімнің бірегей моделі әлемдік деңгейде мойындалды.

Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Қазақстан халқы Ассамблеясы табысты жұмыс істеуде, бес мыңнан аса Үкіметтік емес ұйымдар мен 200-ден астам этномәдени орталықтар бейбіт қатар өмір сүріп, қоғамдағы рухани келісімнің жалғастығына үлестерін қосып келеді. Республикадағы діни алаң аясы

да сан алуандығымен ерекшеленеді: 18 конфессияға тиесілі 3600-ге жуық діни бірлестіктер, олардың діни ғимараттары мен баспа басылымдары заң аясында қызметтерін жүргізуде.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап біздің біртұтастануымыздың қағидаты ретінде қазақстандық патриотизм идеясы басты орынға қойылды. Патриоттық тәрбиенің тиімділігі Қазақстан тарихын, өдет-ғұрып, дәстүр, тіл, Республика халықтарының мәдениетінің өркін дамуына жол салынуы. Қазақстандықтардың бір-бірін түсінуіне ұлты, әлеуметтік және діни айырмашылықтары да кедергі болған жоқ және болмауы тиіс қағидасы берік орнықты. Қазақстандық патриотизм – аға буынның

арқасында қалыптасқан қоғамда қиын дағдарыстық жағдайларға төтеп беруге көмектесетін моральдық тұғыр, қазақ болды десек артық емес. Оның өзіндік бет-бейнесі мен менталитеті бар, оның негізгі белгілерінің бірі – Қазақстанға өз Отаны ретінде деген сүйіспеншілік, қонақжайлылық пен риясыздық, өзара көмек, елде атап өтілетін мерекелердің интернационализмін атап кетуге болады. Дәл осы халықтық отансүйіштік Қазақстанды әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан елдердің біріне айналдыруға көмектесті.

Халық, ең алдымен, жастар, патриотизм дегеніміз бұл тек бір ұлтты ғана мадақтау, көтермелеу емес, мәдениеттер, діндер мен дәстүрлердің бейбіт өзара іс-қимылы арқылы ғана Қазақстанды дамытатын қуатты ресурс екенін білуге тиіс.

Еліміздегі рухани келісім мәдениетінің жоғары деңгейі – Қазақстанның кемісушілікке, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес ісіне, жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қолдаудың жауын әлемдік процесіне қосқан үлесі болып табылады. Қазақстанда барлық діндердің тең құқығына кепілдік беріле отырып, конфессияаралық келісімді қамтамасыз етуге толық бейімділік танытып келеді. Елімізде исламның, басқа да әлемдік және дәстүрлі діндердің озық дәстүрлерін құрметтеледі және дамытуға қолдау көрсетіледі. Дегенмен осы заманғы зайырлы мемлекет орнату саяси бағдар болып табылады. Қазақстан Республикасы жалпыадамзаттық құндылыққа негізделген рухани келісімді баянды етуге мүдделі және сол бағытта дами бермек.

Ұлтымыз бен діни сенімге қарамастан барлығымызды біріктіретін осы күн – қоғамдағы тұрақтылық пен келісім күні. Сондықтан да бірлік пен қайырымдылық, сақалық пен гүлдену мерекесі құтты болсын! Туған Отанымыз – Қазақстан еркендеп дами берсін!

Мейіра АБСАЛЫҚОВА,
Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

АЗАМАТТАРДЫҢ ДІНИ СЕЗІМДЕРІН ҚҰРМЕТТЕУ МЕРЕКЕСІ



РУХАНИ КЕЛІСІМ - ҰЛТТАР МЕН ДІНДЕР АРАСЫНДАҒЫ ТАТУЛЫҚ

Асыл дініміз Ислам бүкіл адамзаттың бақыты үшін түсірілген дін. Алла Тағала Құранда: Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ танысып, табысуларың үшін (һәм біріңе-бірің қамқоршы дос болып, өзара жәрдемдесіп, тату-тәтті өмір сүрулерің әрі жер бетін көркейтудің) үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік («Хужурат» сүресі, 13-аят).

Ислам діні әр бір ұлттың салт дәстүрі мен құндылықтарын сақтай отыра, Алланың өмірлеріне бағыну, тыйымдарынан тыйылуға шақырады. Және де дінде қай бір қауымның дінде тек өзіне жекешелеп, өзін тура жолда санап, басқаларын кемсітуге жол бермейді. Барлық адам Алланың алдында бірдей, айырмашылық тек тақуалықта ғана екенін білуіміз керек.

Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Ей, адамдар! Естерінде болсын! Раббыларың біреу, ешбір араб еместен, араб емес арабтан, ақтық қарадан, қараның ақтан тақуалығынан (адамгершілігінен) басқа ешқандай артықшылығы жоқ. Күмәнсіз Алланың алдында ең мәртебелілерің тақуалы (адамгершілігі мол) болғандарың», – дейді. Ислам діні бүкіл адамзатқа қияметке дейін

18 қазан «Рухани келісім күні» деп бекітілген. Елімізде 100-ге жуық ұлттар мен этностар тұрады. Адамзат баласын түрлі ұлт пен ұлыстар етіп жаратуында хикмет бар. Әрбір ұлттың өзіндік ерешеліктері, тілдері мен салт-дәстүрінің айырмашылығы бар. Бірақ адам баласын ұлтына, дініне қарай алапай, бөліп жаруға болмайды.

жіберілген дін. Ол тек арабтардың немесе белгілі бір ұлтқа тиесілі емес. Сондықтан да Хакім Абайдың:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй Ол Алланың жаннан тәтті,
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жол осы деп өділетті, – деп айтқанындай дініміз барша адамзатқа құрметпен қарауға, ешкімді ұлтына бола кемсітпеуге шақырады.

Қазіргі таңда адамның дінін, дәстүрін білмегендіктен түрлі апаттарға душар болып жатқанын аңғаруға болады. « Дін ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасиетің» деген сөз де бекер емес.

Тарихта ислам дінінің жер бетіне кеңінен таралуы – мұсылмандардың басқалармен жақсы қарым-қатынаста болып, көркеміне таныта білуінің жемісі. Алла Тағала соңғы Пайғамбарына адамдарды дінге күшпен емес, сүйіспеншілікпен шақыруды міндеттеген. Адамдар өздеріне деген зор құрметті, мұсылмандардың жүрегіндегі мейірім мен әділдікті көріп, хақ діннің ақиқатын өздері мойындаған.

Мухаммад АБДУЛЛА,
«Береке» аудандық орталық мешітінің бас маманы.

АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

ЕЛ ЖАСТАРЫ БІРЫҢҒАЙ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫНА ҚОШ ҚЕЛДІҢІЗ!

Бұл портал арнайы жастар үшін, сондай-ақ жастар саясатын жүзеге асыруға мүдделі барша тұлға үшін құрылған.

«Жастар» F3O» бөлімінде сіз «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының қызметімен, компанияның тарихымен және қызметкерлерімен таныса аласыз. Сонымен қатар, бұл бөлімде сіз орталық жүргізген зерттеулер нәтижелерін, жаңалық дайындауларын, инфографика мен «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамаларын таба аласыз.

«Жастарға арналған мүмкіндіктер» бөлімінде сіз емханаға қалай тіркелу, университетке қалай грантқа түсуден бастап қаржылық сауаттылыққа дейінгі өмірдің

түрлі саласындағы сұрақтарға жауап ала аласыз.

Егер жақын жердегі Жастар ресурстық орталығын тапқыңыз келсе немесе сіз жастармен жұмыс істейтін ұйымның қызметкері болсаңыз, онда «Жастар ресурстық орталықтары» бөлімінде өзекті ақпарат және Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін барлық ЖРО-лардың интерактивті картасын таба аласыз.

Сұрақ немесе ұсынысыңыз бар ма? Бізге infonic@eljastary.kz электрондық поштасына хат жазыңыз. Іздегеніңізді порталымыздан табасыз деп сенеміз!

«Қазақстан жастары» желілік басылымы командасы.



Адам өзі қоршаған ортамен бірге өсіп, біте қайнасып келеді. Өзі де осы табиғаттың бір бөлшегі десе де болады. Қазіргі күні айналадағы ортаны қорғау мен табиғат байлықтарын тиімді пайдалану баршаның парызы. Біздің бар дәулетіміз де бүгінгіміз бен болашағымыз да туған өлкенің табиғаты болып табылады. Адам – табиғаттың ажырамаз бөлігі. Табиғат пен адам – егіз ұғым. Табиғат тіршіліктің құт-бәреkesі, ырыс пен мол қазынасының қайнар көзі.

ОРМАНШЫ - ТАБИҒАТ ЖАНАШЫРЫ



Әсілі мамандықтың бәрі жақсы. Әр мамандықтың өз жауапкершілігі, қиындығы мен қызығы да кездеседі. Орманшы мамандығы аса қадірлі мамандықтардың қатарына кіреді. Онымен өз өмірлерін байланыстырған жандар, әсем табиғатымыздың сулулығына ғашық және еліміздегі жасыл алтынды сақтап, арттыра түсуді адамдық борышы деп санайтын жандар болса керек. Осы ретте, табиғатпен біте қайнасып, еліміздің орманы мен көлін, өсімдік мен жануарын қорғап, жойылып кетпеуін қадағалайтын орманшылардың еңбегі зор. Себебі, туған жердің тамаша табиғатын келешек ұрпаққа аманаттау, өлкенің дамуына гүлдету мақсатында олар тынымсыз еңбек етуде.

Осыған орай, орманшылар еңбегін құрметтеу мақсатында қазан айының үшінші жексенбінде елімізде Орман шаруашылығы қызметкерлерінің күні атап өтеледі. Осы кәсіби мерекеге орай, біз Булаев орман шаруашылығының орманшы инспекторы Еренғайып Бабиқов жайлы сөз ербітеміз.

Еренғайып Дүйсенбайұлы өмірі туған жерімен тығыз байланысты. 1968 жылы 31 шілде күні Урожайное ауылында дүниеге келген кейіпкеріміз Чистовское ауылындағы орта мектепті тәмамдап, осындағы орта кәсіби-техникалық училищесін механнизатор мамандығы бойынша бітіріп шығады. Тракторшы куәлігін алған жас жігіт қатарластары сияқты Отан алдындағы борышын өтеу үшін Чехословакияға аттанады. 1986-88 жылдары артиллерия әскерінің құрамында қызмет етіп, өз лауазымын асқан жауапкершілікпен атқарды.

Аман-есен елге оралған кейіпкеріміз Омбы қаласына тұрақтап, «Поле» өндірістік бірлестікке қойма меңгерушісі болып еңбек етеді. 1992 жылы елге оралып, мамандығы бойынша жұмыс жасап, күнкөріс қамымен жүреді. 1999 жылы өмір жары Рауза Шәмілқызын кездіріп, шынрақат Диана мен Даниал есімді үл-кыз дүниеге келеді. Қазір екеуі де жоғары білімді маман атанып, білім беру мен жол саласында мамандықтары бойынша еңбек етуде.

Отбасын құрған соң, Еренғайып Бабиқов жұбайымен бірге шаруа қожалығын ашып, егіншілікпен айналысады. Темір трактордың тілін тез таба білетін ағамыз 2015 жылы Булаев орман шаруашылығына жұмысқа келгенше де маусым сайын өрт сөндіру жауынгері лауазымын атқарған. Ал 2015 жылы толық штатқа алынып, №49 айналым бекітілген екен.

- Орман алқабында орналасқан ауылда туып өскендіктен табиғатпен өтене араласып өстім. Әлі күнге дейін тамаша табиғаттың ортасында жасап келеміз. Сондықтан жұмыс кірерде еш ойланбастан орманшы инспектор болуға келістім. Булаев орман шаруашылығының 9 учаскесіне қарасты №49 айналымының аумағы 1309 га құрайды. Менің міндетім - өзіме бекітілген аумақтағы орман алқаптарын тілсіз жаудан және заңсыз ағаш кесуден қорғау және күзету. Одан қалды, жыл сайын кеспе ағаштарды бөліп, қайың көшеттерін отырғызу, аң-құс, өсімдік сияқты табиғат дүниесін қорғау міндеттері кіреді. Сондай-ақ маған МТЗ 952 тракторы, орман шаруашылығына арналған соқа, модернизацияланған дискілі тырма, үш текше метр су сыйымдылығы орнатылған тіркеме бекітілген, - дейді Е.Д. Бабиқов.

Басшылықтың тәжірибелі орманшы инспекторға мұнша техника жүктеп отырғаны тектен тек емес. Еренғайып Дүйсенбайұлы өте жауапты қызметкер. Әсіресе, техникпен жұмыста мол тәжірибе жинақтаған майталман мехнизатор. Ол кез келген уақытта өрт шыққан аумаққа лезде жетіп, өрттің таралуына жол бермей, айналасын соқпамен жыртып үлгереді. Содан кейін өртті сөндіргенше, су сыйымдылығы орнатылған тіркеменен су өккіліп, орманшылармен бірге тілсіз жауды алдын алуға атсалысады. Сондай-ақ ол тракторға соқа тіркеп, орман алқаптарының айналасына минералды жолақтар салып, жұрту жұмыстарын жүргізеді. Күні-түні тыным таппайтын ауыл еңбеккері осылайша, биыл өрліптерімен бірге орман өртіне жол бермеген екен.

Өз ісін адал атқарып, техника мен жабдықтарға жауапты қарағаны үшін ол бірнеше рет басшылықтың марапатына ие болған нағыз қызметкер. Табиғат жанашырының айтуынша, оған бекітілген ормандар «Чистовское» ЖШС егін алқаптарымен шектеседі, сондықтан аталған шаруашылықтың басшыларымен де табиғат қорғау ісінде тығыз қарым-қатынас орнатылған. Олар өркен және тілсіз жаумен күресте бір-бірін қолдап, өрт сөндіруге білек сыбана кірісетін көрінеді.

Табиғат қорғау заңнамасын бұзушыларды анықтау бойынша рейдтік іс-шараларға араласып, орман өрттеріне, орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте белсене қатысатын ардақты орманшы қандай да болмасынлайықжан. Осы ретте табиғатымыздың көркеюіне өздерінің өлшеусіз үлестерін қосып келе жатқан аудандың барша орманшылары тұл мерекелерімен құттықтап, бір байлығын сақтап қана қоймай, орман алқаптарын көбейтуге атсалысып жатқан күнделікті еңбектеріне табыс, дендеріне саулық, отбасыларына амандық тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

«ОҢҮСТІКТЕН СОЛТҮСТІККЕ» ҚОНЫС АУДАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

АТА ҚОНЫС - АЛТЫН МЕКЕН

2014 жылдан бастап елімізде «Серпін – 2050» «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істейді.

Бүгінгі біздің сөз өткелі отырған басты кейіпкерімізде дәл осы бағдарламаның арқасында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданына қоныс аударып келген Жасқалық Ердеулет Ержанұлы жайлы болмақ.

Ердеулет Ержанұлы 2015 жылы Серпін бағдарламасымен Шымкент қаласынан Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан Манаш Қозыбаев атындағы университетіне оқуға түседі.

- Алғашқы жылдары қиындау болды, 2017 жылы жазғы демалыс кезінде үйге барған сәтте ата-анам осында көшу туралы өз ойымды айттым, табиғаты тамаша, мамандық бойынша жұмысқа кіру өңтүстік өңірге қарағанда оңай және ешқандай кедергі жоқ екенін деп айттым. 2019 жыл жылы диплом алар сәтте Солтүстік Қазақстан облысына көшеміз деген ата-анамның шешімін естіп, қатты қуанып кеттім, - дейді Ердеулет Жасқалық. Сөйтіп кейіпкеріміздің жанұясы, бауырлары барлығы Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округіне қарасты Ок-

ҚҰТҚАРУШЫ БОЛУ - НАҒЫЗ ЕРДІҢ ІСІ

19 қазан - Құтқарушылар күні. 1995 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған арнайы қызмет күні бүгінге дейін халыққа қамтығысыз еңбек етіп келеді. Құтқарушылардың жұмысы өз өміріне қауіпті болып келеді. Дегенмен елдің ала кетпейн басты міндеті - халықтың тыныш өмірін, тұрмыстағы, өндірістегі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, апаттық жағдайға жетіл бермеу.



Осындай үлкен жауапкершілікті талап ететін мамандық иесінің бірі - Нұрсұлтан Шұңғылшин. Ол Булаев қаласындағы №12 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы. Қауіпті қызметке 2019 жылы келген кейіпкеріміз 1995 жылы 30 қыркүйек күні Есіл ауданы Корнеевка ауылында туған. 1997 жылы отбасымен бірге Булақ ауылына көшіп, ауылдағы орта мектепті бітірген. 2013-2015 жылдары Петропавл қаласындағы құрылыс-экономикалық колледжде экономист мамандығына оқиды. Диплом алған соң, Есіл ауданы экономика және қаржы бөлімінде мамандығы бойынша еңбек жолын бастайды. Бірақ бір жылдай жұмыс істеп, басқа жолды таңдайды. Мәселен, ол Булаев қаласындағы №12 өрт сөндіру бөліміне келіп, жарты жылдай өрт сөндіруші болады да, қызмет етіп жүріп, әскерге аттанады. Жас сарбаз Қарағанды қаласындағы 6505 әскери бөлімінде әскери борышын өтеп, аға атқыш лауазымын атқарады. Әскерден оралған соң да, құтқарушы мамандығын таңдап, бұрынғы жұмысына қайта орналасады.

- Алғашқы алған мамандығым маған унағанмен, жүрегім бұрмады. Сондықтан құтқарушы болуды шештім. Бұл, әрине, менің өмірімде өте жауапты әрі маңызды қадам болғаны жасырын емес. Өрт сөндіруші болып бес жылдан артық жұмыс жасап келемін. Сүйеген ісімнен айналысқан өзіне бір рақат әкелетіндей көрінеді. Сол себепті, таңдаған мамандығым - мені бақытқа бөлеп отыр деп нық сеніммен айта аламын, - дейді азаматтық қорғаудың кіші серанты.

Нұрсұлтан өрт сөндіру қызметімен қатар сырттай оқуға түсіп, Омбы қаласындағы гуманитарлық академиясында төрт жыл білім алып үлгерген. Биыл ол өрт қауіпсіздігі мамандығы бойынша жоғары білімге ие болып, қазір қарауыл бастығының міндетін атқарушы лауазымын абыроймен атқарып келеді. Арнайы бекітілген күн тәртібіне сәйкес қызмет ететін жасақ үнемі дайындық үстінде. Қарауыл бастығы ретінде ол қарамағындағы құтқарушылардың барлық

құрал-жабдықтар мен техниканың сақадай сай болуына жауапты.

Айтақшы, биыл көктемде Нұрсұлтан Шұңғылшин Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Құтқарушы» төсбелгісімен марапатталған. Мәселен, ол өрт сөндіру жасағымен бірге өрт орнына шығып, бір адамды құтқарған екен.

- Бұл оқиға биыл 1 қаңтар күні болды. Булаев қаласы, Пионерская көшесі бойындағы екіқабатты үйдегі қазандықтан от шығып, түтін тұтас кіре-біресіне таралып, адамдардың пәтерлерінен шығуына кедергі келтірді. Кейбір пәтерлерден адамдар төрелері арқылы шығарылып, екінші қабаттағы қарияны кіре-беріс арқылы баспалдақпен құтқаруға тура келді. Өйткені уақыт болса тығыз болды. Сондықтан мен өзімнің арнайы понарамдық маскамды әйелге кигізіп, баспалдақпен таза ауаға алып шықтым. Мен бұл әрекетімді өрлік деп санаймын. Өйткені біздің, яғни құтқарушылардың мақсаты - адам өмірі мен мүлкін тілсіз жаудан сақтау, - дейді батыр құтқарушы.

Әрине, олар үшін бұл күнделікті қызметі болғанмен, біз, қарапайым халық үшін құтқарушылар - бүгінгі күннің батыры. Сондықтан қауіпті қызметте орын алатын тосын жағдайларда дұрыс шешім қабылдап, адамдардың өмірін сақтау үшін өз өмірін қиюға әзір тұратын мамандық иелерінің алдында бас емес. Өз тағдырын жауапқа тігіп, өзгенің өмірін аршалауға атсалысатын құтқарушылардың қызметінде оқыс және апатты оқиғалар аз болсын деп тілейміз.

Халқымыздың игілігі мен абақтымыздың күнделікті қызметі туралы қауіп-қатерден қорғап, бүгінге дейін мыңдаған адамның ғұмырын сақтап қалған құтқарушылардың ерен еңбектері - ең жоғары бағаға лайық.

Ендеше, қызметтік борыштарын мінсіз атқарып, ел алдындағы маңызды миссияны жалғастырып келе жатқан құтқарушылардың жауапты жұмыстарына табыс, отбасыларына амандық тілейміз.

Ермебұлан ӘЛІМЖАНҰЛЫ.



Бағдарламаның мақсаты - халқы тығыз орналасқан еліміздің өңтүстік аймақтарындағы жастарды кадр жетіспеушілігі байқалған Қазақстанның солтүстік, батыс және шығыс өңірлерінде оқытып, жұмысқа орналастыру. Бұл бағдарлама бірінші жылы педагогикалық мамандықтар бойынша іске асқан, кейіннен оның аясы кеңейіп, техникалық және ауылшаруашылық мамандықтарын қамтып отыр.

Айта кету керек «Серпін» бағдарламасымен грант негізінде оқуға түскен студенттер жатақханамен қамтамасыз етіледі және оқу бітірген соң жұмысқа тұруға университет ықпал жасайды.

мектеп директорының шаруашылық бөлігі бойынша орынбасары болып жұмысқа білек сыбана кірісіп, қазіргі таңға дейін ауылда абыройлы қызмет етіп жатқан жайы бар.

Ердеулетпен тілдесу барысында ол Солтүстікке келгеніне, оның ішінде ақиқат ақын Мағжан дүниеге келген жерге қоныс аударғанына еш өкінібейтінін айтып жеткізді.

- Біз киелі Қызылжар өңіріне көшіп келгенімізге еш өкінібейміз деп айта аламын. Себебі қазіргі таңда бізде барлығы бар. Жұмыс, үй, шаруашылық, тағы басқалары бәрі де шүкір жеткілікті. Сондай-ақ бізден кейін нағашы ағамда жанымызға көшіп келіп, қазір осында жасап жатыр, - деп ол ішіндегі сөзін жасырмады.

«Еңбек түбі - бәреке» деген осы шығар. Иә, бұлшай қарап тұрсақ аз ғана уақыт ішінде ырыс пен татулығы жарасқан бұл өңтүстік елдеріне ұнайтын ата қоныстарын тауып, бәрі де құр қол қарап отырмай, аянбай адал еңбек етуде.

Ендеше, ниеті - тузу, мақсаты - айқын еңбеккер отбасының ертеңі жарқын бола-рына еш күмән жоқ.

Әнуар ТОҚПАН,
«Рух Тіл Жаңыру» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

ЕСЕП БЕРУ КЕШІ

КӨРЕРМЕННІҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН ҰЖЫМ

11 қазан күні аудандық Мәдениет үйінде «Мағжан елінің мақтанышы» атты «Аманат» вокалдық-аспаптық тобының есеп беру кеші болып өтті. Іс-шараның басты мақсаты қарттарды қолдау айлығы аясында аудан тұрғындары мен халық шығармашылығының жанкүйерлерін музыка, дәстүр және мәдени мұра атмосферасына біріктіру.

Концерт салтанатты фанфардан және жүргізушілерді қарсы алудан басталды. Олар «Аманат» – Бұл жай ғана ұжым емес, мәдениет пен тілді дамыту орталығында бар халық шығармашылығын сақтаушы және насихаттаушы екенін атап өтті. «Ақ жаулық» ардагерлер клубының базасында құрылған ұжым жетекшісі Руслан Өмірзақов бастаған жарқын және өз ісіне берілген адамдардан тұрады. Сахнада халық әндері, би нөмірлері мен аспаптық шығармалар көзектесіп, шығармашылықтың ерекше атмосферасын қалыптастырды.

«Ханшайым» би ұжымының орындауындағы «Сыған сонада», «Аманат» тобының «Анаңың тілі» вокалдық композициясы, сондай-ақ жарқын халық әндері орындалды. Сондай-ақ Әнузе



Әбушаминованың орындауындағы «Өзің сәулем іздегенім» композициясы да көрермет болды.

Концерт күні топтың белсенді мүшесі Айжан Балқыбаеваны туған күні болып, балалары мен немерелері сахнаға шығып, оған гүл шоқтарын сыйлады. Ақжаулықты өженің отбасы мүшелері «Анаға сағыныш»

өсерлі әнін орындап, жиналғандардың қошеметіне бөленді.

Концерттік бағдарлама «Атамекен» патриоттық әнін орындаумен аяқталып, ол барлық қатысушылар мен көрермендерді отансүйгіштікке шақырды.

Іс-шара соңында сөз сөйлеген Серік Ысқақов аудандық ардагерлер кеңесі

Осыдан үш жыл бұрын аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Аманат» әжелер тобының ұжымы қазіргі таңда ауданға танымал өнер ұжымы. Олар 2019 жылдан бері сахна теріне шыға бастап, 2021 жылы арнайы топ құрды. Олар ұлттық музыканы, ұлттық аспаптарды дерліктеп, ескірмей келе жатқан тамаша әндерді келер ұрпаққа жеткізу үшін аянбай еңбек етіп, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген жандар.

терағасы Оралбай Сағындықовтың құттықтауын жеткізіп, топтың барлық мүшелеріне Қызылжар қаласында өтетін концертке билеттер сыйлады.

Сондай-ақ Мәдениет үйі директоры Нұрлыбек Баймұқанов та «Аманат» ұжымына алғысын білдіріп, олардың аудан мәдениетінің дамуына қосқан зор үлесін атап өтті. Марапаттау рәсімін өткізген Нұрлыбек Қайыртайұлы топ әртістерін шығармашылық еңбектері үшін құрмет көрсетіп, сый сипатта жасады.

Ұлттық салт-дәстүр мен мәдени мұраны насихаттаған концерт көрерменнің көңілінен шығып, ерекше әсер қалдырғаны сөзсіз.

«ҚАРТТАРДЫ ҚОЛДАУ АЙЛЫҒЫ»

«ҚАРТЫ БАРДЫҢ – ЖҮРТТЫ БАР»

Қарт десе, өркімнің көз алдына өз шаңырағына құт-бөреке кіргізіп отырған ақ жаулықты өже мен ақ сақалды қария елестері анық. Тіпегімізді тілеп, балалары мен немерелерінің қызығын көріп, ортамызда аман-есен отыра берсе екен дейміз. Өкінішке қарай, перзент атаулының бері ата-анасын, ата-әжелерін алақандарында аялап отырған жоқ. Тұн ұйқысын төрт бөліп, махаббатын, жан шұғын аямаған ата-анасына қатыгездікпен қарайтын адамдар көбейіп келеді.

«Қарттар үйі» деп аталатын әлеуметтік медициналық мекемелер Солтүстік Қазақстан облысында да баршылық. 14 қазан күні Мағжан Жұмабаев ауданының мәдениет саласының қызметкерлері Смирнов ауылында орналасқан қарттар үйіне барып, жағымды ән айтып, қарияларға көтеріңкі көңіл күі сыйлап қайтты.

Естеріңізге сала кетсек, бұл шараның басты мақсаты – «Қарттарды қолдау айлығы» аясында ұйымдастырылып, барша ата-әжелерімізге барынша құрмет көрсету.

Айтулы шараға аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақытжан Ысқақова арнайы қатысып, өздерінің ізгі тілегін арнап, барша қарияларға зор денсаулық тіледі.

- Құрметті ата-әжелер! Халықаралық қарттар күні –



ең дана, әрі қымбат адамдарға тағы да назар аударуға тұрарлық күн. Ел игілігі мен игі дәстүрлер үшін жылдар бойы еңбек еткендеріңізге шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Сіздердің адалдықтарыңыз, жауапкершілік пен кәсібиліктеріңіздің арқасында біздің өткеніміз даңқты, болашағымыз зор.

Аға ұрпақтың барша өкілдерін осынау жарқын мөрекемен шын жүректен құттықтаймыз, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық және бақыт тілейміз, – деді аудан әкімінің орынбасары өз құттықтауында.

Ыстық ізгі тілектен кейін қарияларға арналған концерттік

бағдарлама жалғасын тауып, әншілер өздерінің көрермендеріне халықты баурап алып, олардың лайықты қошеметтеріне ие болды.

Сондай-ақ іс-шара соңында қарттарға арнап, ақдастарқан жайылды. Бастарынан өткен қызықты оқиғаларымен бөліскен қариялар өздері туралы біраз сыр шертті.

Иә, расымен, қазыналы қарияларға көрсетілген құрмет-мәртебесі түспеуі керек. Өйткені олардың елдің есіп өркендеуі жолында еткен еңбегі ұшан-теңіз. Ғұмырларынан гирбат алу – біздің басты борышымыз.

СТІЛ КЕРУЕНІ - 2024

ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУ ТУДЫ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЙЫҚ!



15 қазан күні Булаев қаласына ат басын тіреген жоба «Аманат» партиясы аудандық филиалының мәжіліс залында өтті. Аталмыш іс-шараға Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының тілдерді дамыту және талдау бөлімінің басшысы Әсем Нұрланқызы Сүлейменова, И.Шұхов атындағы орталық қалалық кітапхана қызметкері Алтынай Қожабайқызы Сыдықова, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің хатшысы Сәліхан Жанатұлы Сөбітов, «Рух Тіл Жаңғыру» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әнуар Бердібекұлы Тоқпан арнайы келіп, мектеп ұстаздарымен, қызмет көрсету, денсаулық сақтау және спорт мекемелерінің қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының талаптарын түсіндіру бойынша кездесу өткізді.

Спикерлер жиналған жұртшылықтың

Тіл – мемлекеттің тұеырлы тіресі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін айшықты білген дана халқымыз оны ұлттық рухына, қазына байлығына балайды. Бүгінгі күннің үлкен міндеттерінің бірі – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, тіліміздің дамуына қолайлы жағдай жасау, өзге этностар арасында кеңінен насихаттау. Бүгін облысымыздың елді мекендерін аралап, тұрағындармен кездесіп жүрген «Тіл керуені - 2024» жобасының мақсаты да осы.

назарын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық бағыттарының бірі – барлық азаматтардың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі болып қала береді», – деген сөзіне аударды. Өйткені қазіргі кезде қазақ тілі - азаматтық интеграцияның перзенті құралы, мәдени-рухани бірліктің бейнесі болып табылады.

Осыған орай, баяндама жасаған тіл жанаушылары қоғамдық қатынастардың барлық саласында тілдерді қолдану барысында заң бұзушылыққа, оның ішінде Қазақстан Республикасында тілдік негізде кемсітушілікпен көз келген түріне жол бермеу, тіл саясатын түсіндіру, мемлекеттік тілді елімізде

этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде танымал ету мақсаты тұрғанын жеткізді.

Сондай-ақ бұл күні сөз сөйлеген мамандар «Тіл керуені - 2024» жобасы қазақ тілін этносаралық қатынас тіліне айналдыру идеясына қолдау көрсетуге, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» саясатын жүзеге асыру шеңберінде қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларында тілдердің қолданылуы бойынша тілдік кемсітушілікке тал болған, тіл заңнамаларының бұзылуын анықтаған азаматтардың өтініштерін, арыз-шағымдарын заңды рәсімдеуге және оларға құқықтық көмек көрсетуге, кеңестер беруге ықпал ететін айтты.

Акция соңында жиналғандар қазақ тілінің

қолдану аясын кеңейту үшін өркім өзінен, отбасынан, айналасынан бастаса, нұр үстіне нұр болар едің деген ойға келді. Шынымен де, қазіргі кезде мемлекет қазақ тілін дамыту үшін көптеген істер атқарып келеді. Бір ғана мысал келтірейін, интернет желісіндегі Халық және Каспи банкітерінің қосымшалары халыққа қазақ тілінде ұсынылып отыр, бірақ біз оған үлкен мән бермей келеміз. Дүкендегі түбіртектердің өзі қазақ тілінде басылып шығады. Міне, мемлекеттік тілді дамыту осындай ұсақ дүниелерден басталатыны анық.

Ендеше, қоршаған адамдармен қазақша сөйлеп, мемлекеттік тілде қызмет алып, қосымшаларды пайдаланып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын газет-журнал оқып, радио тыңдап, теледидар көрсек, бізден асқан ұлт, бізден асқан ел болмайды, ағайын!

Еркебулан ЕЛУБАЕВ,
«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы»
КБ СҚО бойынша Мағжан Жұмабаев
аудандық филиалының төрағасы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

АРЫҢДЫ ОЙЛА



Кез-келген өркендетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Сыбайлас жемқорлық, бұл – ел қазынасын талау, халықтың қырысын тонау. Күн бар жерде көлеңкеңің де бірге жүретіні сияқты, мемлекеттік құрылымды іштен іртетіні, азаматқа абырой әпермейтін келенсіз көрініс біздің өлімізде де кездесіп жататыны жасырын емес.

Әсіресе, жемқорлықпен күресуге тиіс жандардың өз жемсауының құлы болып, ардан аттап, анттан тайып жүргенін бұқаралық ақпарат құралдарынан көргенде «қара басының қамын ойлайтын тоғашарлардан қашан құтыламыз, болашағымыз қандай болмақ» деген ой маза бермейтіні де рас. Сондықтан да Президентіміз барлық мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдарды, бұқара жұртшылықты жемқорлыққа қарсы батыл күресуге шақырып отыр. Мақсат, ел өркенінен ертіп шарпытын кеселдің тамырын аздаң балта

шабу. Одан әрі тереңдетіп айтар болсақ, «жұқпалы ауруды» келешекте ел тілігін ұстайтын ұрпақтың бойына дарытау.

Жастар – жаңа ғасырдың, жаңа өмірдің басы. «Бастау көзі қалай тұнық болса, оның етегіндегі су да сондай мөлдір болады» дейді халық даналығы. Демек, қазіргі жастарымыз өз бойына ізгілік нұрын күйіп, адамгершілік қасиетінен сусындап, Қазақстан сияқты алып елдің, бай мемлекеттің болашақ иесі де өздері екенін сезінсе, нұр үстіне нұр болар еді. Әрине, билік ұстағанның бәрін ұры-қары деуге болмайды. Қазірде биліктің буына балқымай, байлықтың барына шалқымай, сол билігі мен байлығын ел игілігіне жұмсап жүрген азаматтар баршылық. Жастарымыз сондай адамдардан үлгі алса дейміз. Кімде-кім «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой» деген Абай сөзін, «Қанағат қарын тойғызды, қанағатсыздық астындағы жалғыз атын сойғызды» деген халық даналығын есте ұстаса, ондай адамға келер зорлық та, қорлық та жоқ. Ол үшін жастарымыздың бойында елдік сезім, ұлттық намыс пен рух болуы керек. Біздің атқа мінген азаматтарымыз қу құлқының құлы болмай, ел болашағын ойлап, туған халқының ұлы болар мақсатты істермен айналысса дейміз.

Аранын емес, арын ойлар азаматтың, ел туын көтерер барша жастың жүрегі: «Менің өлім, менің жерім, менің суым, менің көлім!» деп соқса, ондай елге сырттан да, іштен де төнер қауіп болмайды.

Мирас НАҒАЙБАЕВ,
Мағжан Жұмабаев аудандық

ҚАРАУСЫЗ ЖАНУАРЛАРДЫҢ САНЫН РЕТТЕУ

Қараусыз жануарлардың санын реттеу – мемлекет, жеке кәсіпкерлер және жануарларды ұстауға, ұяқтына ұстауға және өлтіруге қатысатын мемлекеттің емес заңды тұлғалардың қараусыз қалған жануарлардың санын зарарсыздандыру, жануарларды ермилестіру, үй-жайларда ермилестіру жөніндегі заңды мақсатта маңызын тиімділікпен қамтамасыз ету, татылдық іс-шаралар және халыққа түсіндіру жұмыстары.

Қараусыз жануарлардың санын көз келген тәсілмен, соның ішінде ұларды және басқа да химиялық заттарды қолдану арқылы өлтіру арқылы реттеуге тыйым салынады.

Иттерде қауіпті жұқпалы аурулар, құтыру ауруы болса немесе жануарлардың (жануарлардың) адамдарға, жануарларға шабуылы және (немесе) жануарлардың адамдардың, жануарлардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін басқа да жағдайларда, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, содан кейін мұндай жағдайларда қауіпсіздік ұстау, яғни жануарды өлтіру қолданылады.

Қараусыз және қаңғыбас жануарлардың популяциясын бақылаудың ең тиімді әдісі мен негізгі хирургиялық зарарсыздандыру болып табылады, дегенмен хирургиялық зарарсыздандыру үй жануарларының да, қаңғыбас жануарлардың да популяциясын бақылаудың жалғыз әдісі ретінде арқашан қолданыла алмайтын көптеген себептер бар.

Көшеде қаңғыбас иттер мен мысықтар ең алдымен адамның жауапсыздығынан болатынын ұмытпаңыз! Сондықтан, жануарлар иелеріне, ең алдымен, үй жануарларын қарғыбаумен ұстау керек, сонымен қатар қажетсіз ұрпақтардың пайда болуына жол бермеу үшін уақытында қамқорлық жасау керек.

Үй жануарларына арналған босанды



бақылаудың хирургиялық емес әдістеріне эструс пен ауызша контрацептивтерді болдырмау үшін инъекциялар жатады. Қазіргі уақытта жыныстық қозуды басатын және жүктілікке жол бермейтін көптеген дәрілер бар.

Құрметті жануарлар иелері, есіңізде болсын, қараусыз жануарлардың санын реттеуде сіздердің рөлдеріңіз өте маңызды. Біз қолға үйретілгендер үшін жауаптымыз!

Елена БУНКОВСКАЯ
дәрігер.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласында мамандығы бар адамдар, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және түру үшін келген ауылдық округтер әкімдері

мемлекеттік қызметшілері қатыса алады.

100 АЕК мөлшерінде көтерме жәрдемақы (2024 жылы 100 x 3692 = 369 200 теңге) қарастырылған. Сондай-ақ 15 жылға дейінгі мерзімге тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін жыл сайынғы сыйақы мөлшерлемесі 0,01%-бен 2000 АЕК (2024 жылы 2000 x 3692 = 7 384 000 теңге) дейінгі мөлшерде бюджеттік кредит беру көзделген.

Қосымша ақпарат алу үшін 8 (71531) 2-17-97 телефонына жүгінуге болады.



КӨРСЕТИЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ САЛЫҚ/КЕДЕН ОРҒАНДАРЫ ТУРАЛЫ ПІКІРІН АЙҚЫНДАУ

«МКО ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ САПАСЫ ТУРАЛЫ» САУАЛНАМАСЫНЫҢ QR-КОДЫ



«МКО ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ПІКІР» САУАЛНАМАСЫНЫҢ QR-КОДЫ



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Мағжан Жұмабаев ауданының «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінің (бұдан әрі - Газеттер) меншік иесі «Газета «Вести» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының №11 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша шығып кеткен депутаттың орнына 2024 жылдың 8 желтоқсанына тағайындалған сайлау бойынша кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарды орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабарлар етеді.

ГАЗЕТТЕРДІҢ БАСПА АЛАҢДАРЫН ҰСЫНУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӨРТПІ

Газеттердің баспа алаңын ұсынуы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының №11 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша шығып кеткен депутаттың орнына тіркелген кандидаттарға баспа үгіт материалдарын орналастыруға баспа алаңын ұсыну туралы Серіктестікпен (газеттердің меншік иесімен) жасалған жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады.

Шарттың нысаны және оған ілесіне құжаттар жазбаша өтініш берген кезде ұсынылады. Кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттермен баспа алаңдарын ұсыну туралы шартқа қол қоюы кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттерден сайлау алдындағы үгіт жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады. Мұндай шартты жасау үшін кандидат Газет ісесіне мынадай ақпаратты көрсете отырып жазбаша өтініш береді:

- жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- жазбаша өтініш берген кандидаттың Т.А.Ә., сенім білдірілген тұлғаның Т.А.Ә.;
- адамның жазбаша өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжат;

- кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;

- баспа алаңының жоспарланған көлемін және оны ұсыну уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;

- кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді Газеттер 2024 жылғы 14 қарашасынан 4 желтоқсанына дейін қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы мәліметтер болуға тиіс.

БАСПА АЛАҢДАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН ТӨЛЕУ ТӨРТПІ

Газеттердің баспа алаңын ұсынуы үшін төлем мөлшері Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының №11 бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша шығып кеткен депутаттың орнына кандидаттарға баспа алаңын ұсынуға арналған прайс-параққа сәйкес айқындалады және 1 (бір) шаршы метр үшін 160.00 (жүз алпыс) теңгені құрайды.

Баспа алаңдарын ұсынуы үшін төлем сомасы тиісті сайлау қорымен алдын ала жүз пайыз төлем тәртібімен аударылуға тиіс. Алдын ала төлем Серіктестік қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады. Төлем серіктестіктің тиісті шартта көрсетілген банктік деректемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Неля ГОНЧАР,
«Газета «Вести» ЖПС директоры.

2024 ЖЫЛДЫҢ 4-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы экономика және қаржы бөлімінің басшысы - Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы апта сайын сейсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 18.20-ге дейін, басшының орынбасары - Наталья Юрьевна Тищенко апта сайын дүйсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 18.20-ға дейін қабылдайды. Ме-

кен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24. тел 2-19-56, 2-17-97.
Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі - Форш Валерий Яковлевич апта сайын сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Советское ауылы, тел. 3-66-12.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ - 8(71531) 2-19-56.
«Мағжан Жұмабаев ауданы Ал-

тын дән ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-66-12.



Дүйсенбі, 21 қазан	Сейсенбі, 22 қазан	Сәрсенбі, 23 қазан	Бейсенбі, 24 қазан	Жума, 25 қазан	Сенбі, 26 қазан	Жексенбі, 27 қазан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 04.15 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АҚОРДА. 14.20, 04.35 Д/Ф. 15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 01.45 ҚОС ПАЛАТА. 14.35, 04.35 АҚСАУЫТ. 15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 02.05 САНА. 05.15 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 01.45 ҚОС ПАЛАТА. 14.35, 04.35 АҚСАУЫТ. 15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 02.05 САНА. 05.00 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.50 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 03.20 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 04.50 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.40 «КІТАПХАНАШЫ КҮНІ». 15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 01.25 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 00.15 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 02.20 САНА. 05.20 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05. 04.15 ЖӨДІГЕР. 06.30, 20.00, 01.55 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАÑSHOLPAN». 10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.00Ш. ҚАЛДАҚОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНЦЕРТ. 13.25, 03.25 «РЕСПУБЛИКА КҮНІ». 13.50 «ҰЛЫ ДАЛА ТАҢЫ». 14.05, 23.30 «ҰЛЫ ДАЛА ТАҢЫ», Х/Ф. 16.30 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 20.30, 02.30 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА». 22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 03.50 «АТАМЕКЕН». 04.35 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.25 «АУЫЛДАСТАР». 06.55, 04.30 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф. 07.45 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 08.40, 17.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.40, 05.10 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП». 14.25, 02.50 АТАМЕКЕН. 15.00 Т/Х «ЕРТЕ КӨКТЕМ». 17.20, 03.15 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 01.45 АПТА. 21.50, 02.35 АҚОРДА. 20.00 КОНЦЕРТ. 22.25 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.20 «ЖАУЖҮРЕК МЫҢ БАЛА», Х/Ф. 03.45 «КҮМІС КӨМЕЙ».	

Дүйсенбі, 21 қазан	Сейсенбі, 22 қазан	Сәрсенбі, 23 қазан	Бейсенбі, 24 қазан	Жума, 25 қазан	Сенбі, 26 қазан	Жексенбі, 27 қазан
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ВОДОВОРОТ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 16.00, 22.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 18.00 БІЗДІң НАЗАРДА. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ӘЛЕУМЕТ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ВОДОВОРОТ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Д/Ф. 15.30 Т/Х «ШАШУ». 16.00, 22.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 18.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ПТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ВОДОВОРОТ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 16.00, 22.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ДОРОГА ДОМОЙ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «ШАШУ». 16.00, 22.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 18.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ПТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 07.00 ОЯН. 10.00 Д/Ф. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 «ЖАР-ЖАР», Х/Ф. 14.00 КОНЦЕРТ. 15.00 ALMATY COVER SHOW. 17.30 КӨЗҚАРАС. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 КОНЦЕРТ ПОСВЯЩЕННЫЙ ПРАЗДНОВАНИЮ ДНЯ РЕСПУБЛИКИ С УЧАСТИЕМ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА. 22.00 ОЙНАІҚ. 23.15 «УБИЙСТВО В ВОСТОЧНОМ ЭКСПРЕССЕ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 MANDAI TER». 06.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 ӨЗ ЕЛІМ. 09.30 НЕОСЕТЬ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «АРТУР И МИНИПУТ». 12.00 «УБИЙСТВО В ВОСТОЧНОМ ЭКСПРЕССЕ», Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 Т/Х «ҮЛКЕН ҮЙ». 17.45 АСЫЛ ДОМЫБА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 21.45 «МЕНЯ ЗОВУТ КХАН», Х/Ф. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 MANDAI TER. 06.15 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.00 Д/Ф. 09.30 М/Ф. 10.45 М/Ф «УПС... ПРИПЫЛИ!». 12.00, 21.45 «МЕНЯ ЗОВУТ КХАН», Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 16.00, 17.15 Т/Х «ҮЛКЕН ҮЙ». 18.00 ОЙНАІҚ. 19.00 QUNAR+. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.45 Х/Ф. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 21 қазан	Сейсенбі, 22 қазан	Сәрсенбі, 23 қазан	Бейсенбі, 24 қазан	Жума, 25 қазан	Сенбі, 26 қазан	Жексенбі, 27 қазан
ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.30 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 П@УТИНА. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ПЛАЦЕНТА». 14.00, 01.10 НОВОСТИ. 14.15, 01.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 01.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3». 00.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 П@УТИНА. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ПЛАЦЕНТА». 14.00, 01.10 НОВОСТИ. 14.15, 01.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 01.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3». 00.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 П@УТИНА. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ПЛАЦЕНТА». 14.00, 01.10 НОВОСТИ. 14.15, 01.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 01.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3». 00.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 П@УТИНА. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ПЛАЦЕНТА». 14.00, 01.10 НОВОСТИ. 14.15, 01.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 01.40 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3». 00.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ДЕНЬ РЕСПУБЛИКИ 06.00 ТАМАША CITY. 08.15, 03.30 П@УТИНА. 09.20 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.10 «ЛУЧШЕ ВСЕХ», Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «МЕДСЕСТРА». 04.15 УШҚАЛАҚ.	06.00, 03.25 ТАМАША CITY. 08.00, 02.40 П@УТИНА. 09.00 ҚАЙМАҚ. 09.40 ПОЕХАЛИ. 10.30 «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА», Х/Ф. 14.25 «ЮГ», Х/Ф. 18.10 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ». 20.10 «МЕДСЕСТРА», Х/Ф. 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.25 ТАМАША CITY. 08.10, 02.40 П@УТИНА. 09.10 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.20 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.20 «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА-2», Х/Ф. 14.20 «ЮГ», Х/Ф. 18.05 «ВНЕ ЗОНЫ ДОСТУПА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «МЕДСЕСТРА», Х/Ф. 01.20 «РОДНЯ», Х/Ф.

Батыр боп жауға найзаң тимесе, Батырлықтан не пайда. Баи болып халқыңа пайдаң тимесе, Байлығыңнан не пайда...
ӘЙТЕКЕ БИ.



ӘР СПОРТШЫНЫҢ ЕҢБЕГІ ОРТАҚ ЖЕҢІС ӘКЕЛДІ



Қалыңты сауықтырудың маңызды әдістерінің бірі - денешынықтыру бейншіна Президенттік тесттерді енгізу белғын табылады. ЖСБА аясында ересектерге, жогары оқу орындарының бітіруге дейінгі курс студенттеріне, 29 жасқа дейінгі жастарға, сондай-ақ 30 жасстан асқан адамдарға арналған нормативтер әзірленген.

Мәселен, 10-12 қараша күндері Петропавл қаласында Президенттік тест бойынша облыстық жарыс өтіп, оған облыстың 11 командасы қатысты. Ұзындыққа секіру, төзімділікке жүгіру және күштік гимнастика сияқты спорттық нормативтерді тапсырғандар арасында мағжандықтар да болып, лайықты өнер көрсетті.

Айта кету керек, соңғы жылдары Президенттік және ұлттық дайындық нормативтерін тапсырушылар саны өдеуір өскен. Үш күнге созылған жарыстардың нәтижесі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы жеңістің биік тұғырына көтеріліп, жалпыкомандалық

есепте 1-ші орынды жеңіп алды. Аудан намысын қорғаған спортшыларға тоқталсақ, Трошина Диана, Каско Григорий, Сүлейменов Сайран (3 орын), Маковецкий Александр, Фадеева Валентина (1 орын), Яцкевич Михаил, Гаер Ирина, Тагиров Ринат, Крайвитня Ольга (3 орын), Славный Виктор, Середя Елена (3 орын), Шевелев Владимир (3 орын), Скрипникова Надежда (2 орын).

Бұл жарыста әр мағжандық спортшы барын салып, команда үшін тырысты. Нәтиже – 1-ші орын. Балық спортшыларға алғыс білдіріп, жаңа жеңістер тілеймін.

МАРАФОН НӘТИЖЕСІ: 1 АЛТЫН, 1 ҚОЛА

13 қазан күні Астана қаласында еліміздің «ASTANA City Marathon - 42 км» атты ауқымды спорттық жарысы болып өтті. Бұл жарысты ҚР Жеңіл атлетика федерациясы ұйымдастырып, марафон елорданың көрікті жерлерімен өтті.



Айтулы марафонға 3000-ға жуық мықты спортшы қатысқан. Astana City Marathon-ның ерекшелігі - көп бола бермейтін 42,2 шақырым, скандинавиялық жүріс, экиден, 10 шақырымды қамтыды.

Марафон қашықтықта аудан спортшылары да бақ сынап, соның нәтижесінде Александр Сысоев (Булаев қаласы) 30-39 жас санатында чемпион атанды. Ал Вернер Ольга (Қарақоға ауылы) 30-39 жас тобында қола медальды жеңіп алды.

Ендеше барша спортшыларымызды жоғары жетістіктерімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда тек қана жеңіс пен сәттілік тілейміз!

Қанат МҮСАТАЕВ,
аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



НҰРСҰЛТАН – ОБЛЫСТА ТҰҢҒЫШ РЕТ КИКБОКСИНГТЕН ЕКІ ДҮРКІН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Кикбоксингтен ұлттық құрама командасы 2024 жылдың 5-14 қазаны аралығында Тайландтың Пном-Пень қаласында өткен ересектер арасындағы кикбоксингтен Азия чемпионатында өнер көрсетті. Бұл чемпионатқа 22 елден 432 спортшы қатысты. Балалар жасөспірімдер спорт мектебінің түлегі Нұрсұлтан Жақыпов финалда Ирактан келген спортшыны жеңіп, Солтүстік Қазақстан облысының тарихында тұңғыш рет 2 дүркін Азия чемпионы атанды. Нұрсұлтан Азия чемпионатында сәтті

өнер көрсетуімен құттықтап, оның алғашқы жаттықтырушысы, тәлімгері Виктор Викторович Славныйды шәкіртінің жоғары жетістігімен құттықтаймыз. Ол бүгінгі күнге дейін Нұрсұлтан жырсақа дайындауға белсенді қатысып, бар білгенін үйретіп келеді. Ендеше, мектептің жаттықтырушысы мен бұрынғы оқушысы Нұрсұлтанның жеңісі өскелең ұрпаққа үлгі болып, ауданымыздан әлі де ел намысын қорғайтын спортшылар шығады деген ойдамыз.

ВОЛЕЙБОЛДАН ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОЛА ЖҰЛДЕГЕРІ



21-24 қазан аралығында Петропавл қаласында 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында волейболдан облыс чемпионаты болып өтті.

Бұл жарыста аудан намысын жаттықтырушы-оқытушы В.И. Курниконың тәрбиеленушілері қорғады.

Жарыс қорытындысы бойынша мағжандық жас волейболшылар қола медальді жеңіп алды.

Балаларды және олардың жаттықтырушы-оқытушысын лайықты өнер көрсетулерімен құттықтап, барша ауданымыздың намысын қорғап жүрген спортшыларымызға болашақта үлкен жеңістер тілейміз.

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,
БЖСМ директоры.

Директор - бас редактор
Цели ГОНЧАР

Газеттің мәмісі несі:
«Астана-Вест» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баим көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Баспадан нөмісі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет ағасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan Juldzyz» газеті редакцияда терізіп беттеледі.
«Северный Казахстан» баспаханасында басалады.
(Петропавл қ., Кочуков кө-сі, 5 үй).
Таралымы - 585

Газет аудан ақшын, аудандық мақалаттың тасарысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік қыраттық санатты жүргізудегі ресми баспадан болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г күзлігін алған. Жарнамадың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолажабалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мөшігіне айналады, респондентпен байланып, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.